Шифрды ұйымдастырушы толтырады:
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Кеңес жүйесінің өсуінен дағдарыс кезеңіндегі Қазақстан

1. Кеңес одағында 1954-64 жылдар аралығындағы Тың игеру кезінен соң „Тоқырау" жылдары бастау алды. Тың игеру кезінде ерекше қарқынмен дамыған экономиканың жағдайы нашарлай, құлдырай бастады. Одақ бойынша экономиканың дағдарысы белең алды. Билік сауда жүйесін барынша дамытуға тырысқанымен, жағдайды жақсартқа алған жоқ. Мұндай ауыр кезеңде Қазақстанның әлеуметтік экономикалық жағдайына зиян етті.

2. Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірі Кеңестік биліктің қыспағында болды. Саяси еркіндіктің, сөз бостандығының болмауынан көптеген қазақ жазушылары мен ақындарының еңбектеріне тыйым салынды. Мысалы, Ермахан Бекмахановтың „XX ғасырдағы Қазақстан тарихы" атты еңбегін „Мазмұнында ұлтшылдық идеясы бар" деп тауып, оны басып шығаруға Кеңестік билік оны басып шығаруға тыйым салды. Өз пікірімді білдіре кетсем, бұл әрекеттің түбінде саяси астар бар. Өз туған жерінің тарихы мен мәдениетін зерттеп, оны жазған адамды 25 жылға соттау. Билік тарапынан әділетсіз әрі тым қиянат еді.

3. АҚШ пен КСРО арасындағы қарулы-қабақ соғысты тізге тиіп кеткен жоқ, себебі бұл әлемдік екі державаның арасындағы бәсекелестіктің Қазақстанға зиян еткені көтермелегендіктен рас 1946 жылы еліміздің шығыс бөлігіндегі Семей облысында, құпия түрде „Семей-21" қалашығы салынды. Бұл КСРО-ның қарулы жарыстағы ядролық қаруды сынақтан өткізетін орны болып шешілген еді. Осы жылдан бастап (1946) ядролық сынақтар өткізіле бастады.

Жергілікті тұрғындардан полигон алыстрақ болғанымен, халық-қа ~~он~~ жақын маңда ядролық полигон бар екені жайлы, онда жарылыстар болатыны туралы ешқандай ескерту болған жоқ.
Осының кесірінен жақын маңдағы елді мекен тұрғында-ры ауыр халге түсті. Олардың көбісі мутацияға ұшырап, ауылдарда көптеген қауіпті аурулар тарады. Ядролық сынақ-тардың салдары еліміз үшін өте ауыр болды. Жалпы саны 456 жарылыс болды, олар жер астында, жер үстінде және су түбінде жа-салды. Жақын маңның бәрін радиация жайлады, мұнда с шөп-тің өзі өспейтін болып, ~~сто~~ еліміздің шығысында ауыр эко-логиялық жағдай қалыптасты. Бұл Кеңестік биліктің немқұрай-лылығына әкеп болған оқиға болды.

4. Кеңестік қатаң тәртіп, халықтың әлеуметтік, ж қоғамдық жағдайына ~~ә~~ ықпал етті. ~~Е~~ Халықтың әлеуметтік деңгейі, елдегі экономикасы төмен еді. Жергілікті тұрғындар біраздай Одақ тарапынан әділетсіздік пен қанауға ұшырады. Көптеген қалаларда қазақ мектептері жабылды. Тоқырау жылдарында халықтың өмір сүру деңгейін, өзім жоғары дәрежеде деп айта алмас едім. Кеңес одағының экономикасының дамымауы, нашар-лауы халыққа да әсерін тигізді.

5. КСРО кезеңіндегі дағдарыс уақытында Қазақстанның қоғамдық мәдениеті мен рухани өмірі айтарлықтай жақсы бол-ған жоқ. 1°

1969 жылы Есік қаласынан табылған ~~алтын~~ Алтын адам - елі-міздің тарихи және мәдени тұрғыдан ең маңызды жәдігерлерінің бірі еді. Ол ата-бабаларымыз - сақтардың өмір сүру деңгейін, көрсететін, көне тарихымыздан сыр шертетін құнды материал болып.

Алтын адамды табуға үлкен үлес қосқан белгілі археолог, тарихшы Кемал Ақышев еді.

Ал 1975 жылы жарық көрген Олжас Сүлейменовтың „Аз и Я" кітабы түркі халықтарының әлемдік тарихтағы орнын жаңа қырынан қарастырды. Бұл мәдениетімізді айқындайтын құнды еңбек. Ресми тарихта бұл шығарманың резонанс тудырғанын мойындайды, себебі автор түркі және славян халықтарының мәдениеті мен әлеуметтік өмірін тығыз байланыстырады.

Бұл оқиғалар қоғамның рухани өмірінде үлкен орын алды, себебі Алтын адамның табылғаны жайлы жаңалық халқымызды, тіпті бар әлемді дүр сілкіндірді, ал „Аз и Я" кітабы тарихымызды жаңа тұрғыдан қарастырғандықтан, халқымыздың тарихымызды ұмытпауына себепші болды.

Қорытындылай келе, XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның саяси, экономикалық ж/е әлеуметтік жағдайы орташа деңгейде болды. КСРО билігінің жүйесі еліміздің, оның экономикалық дамуына өз жерін тигізді деп ойлаймын.